

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

3 тамыз 2023 ж.

Ақкиізтоғай ауылдық округі
өкімдігінің Акт залы

Қатысқандар: М. Кабиденов, Д.Аронов, Н.Өмірбаев, Н. Ерғалиев, ТШО жауапты бөлім мамандары және Ақкиізтоғай ауылдық округінің тұрғындары

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – Кабиденов М.Ә., Аронов Д.Ж.
2. Өндірістік қызмет көрсеткіштері бойынша жаңартылған ақпарат» презентациясы – Өмірбаев Н.
3. «Жылыой ауданына арналған әлеуметтік инвестициялар» - Ерғалиев Н.
4. Сұрақ-жауап сессиясы
5. Қорытынды сөз - Кабиденов М.Ә., Аронов Д.Ж.

«Теңізшевройл» ЖШС-інің жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесу отырысын Ақкиізтоғай ауылдық округінің өкімі Кабиденов Марат ашып, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Аронов Дәрмен Жұмабайұлымен таныстырып, жиналыс мақсатын айқындады.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесуге жиналған тұрғындарға ризашылығын білдіріп, Жылыой ауданының тұрғындарымен жыл сайын жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесулер өткізуді жалғастыратынын хабарлады. Кездесудің мақсаты ТШО-ның өндірістік қызметі бойынша жаңартылған ақпарат беру, ТШО қызметі туралы қатысушылардың пікірлерін тыңдау және сұрақтарға жауап беру екенін мәлімдеді.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесу қорытындысы бойынша хаттама жасалатынын және осы хаттама ТШО веб-сайтында орналастырылатынын айтты. Кездесу барысында ТШО материалдары үшін пайдаланылатын фото және бейнетүсірілім жасалатынын ескертті.

Күн тәртібінің бірінші тармағы бойынша ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі **Нұрадин Өмірбаев** «ТШО-ның өндірістік көрсеткіштері бойынша жаңартылған ақпарат» жөнінде баяндама жасады.

Келесі болып «ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат» туралы ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі **Нұрлан Ерғалиев** ақпарат берді.

Баяндамалар аяқталған соң, **Дәрмен Жұмабайұлы** сұрақ-жауап сессиясына көшуді ұсынды.

Сұрақ:

Амангелді Қарасаев: ТШО компаниясының әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына жоба жазып, биыл сол жоба бойынша жұмыстанып жатқанын айтты. Осы жобада қазіргі таңда 20 бенефициар бар, оның ішінде 10-ы мектеп оқушылары, қалғаны жасы 29-дан асқан ауыл жастары мен жұмыссыздар барын айтты. Бұл жоба аясында жастарды ауыл шаруашылыққа, суды үнемді пайдалану үшін тамшылатып суару тәсіліне үйретіп жатқандығын айтып, ТШО компаниясына ризашылығын білдіріп, осындай жоба ары қарай жалғасатынына үмітін білдірді. Оған қоса, ауылға Игілік бағдарламасы арқылы Мәдениет үйінің құрлысын келесі жылғы жобалар тізіміне енгізуді ұсынды. Ауыл мектебіне СТЕМ кабинетін ашып, балаларға робототехниканы үйретуді ұсынды.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Амангелді ағаның ТШО бағдарламаларына қатысып, тұрғындарды үгіттеп, жобаны іске асырып жатқанына ризашылығын білдірді. Осындай бағдарламалар жыл сайын өткізілетінін айтты. Мәдениет үйінің жобасы Атырау облысы құрылыс департаментінің тізімінде бар, қазіргі кезде осы тізім ТШО компаниясының комиссиясының қарастырылуында жатқанын айтты. ТШО «Білім қараваны» қорымен бірлесіп, ауданда 8-ші мектепте бір **STEAM** кабинетін наурыз айында ашты. Бұл **STEAM** кабинетінде химия, биология, робототехника бойынша оқытады, ол үшін білікті мұғалімдер қажет. Егер

де осы жоба нәтижелі болып, мұғалімдердің қызығушылықтары артып жатса, басқа да кабинет ашуды қарастырылу мүмкіндігін айтты.

Сұрақ:

Темірхан Т. «Құлсарыгаз» ЖШС жұмысшысы:

- 1) Вахта 14-күндікке қашан ауыстырылатынын сұрады.
- 2) ТШО-ның жұмысқа қажетті оқулары Атырауда болғасын, Жылыой халқына сол жаққа таксимен баруға тура келеді. Сондай оқу орталығын Құлсарыдан ашу мүмкіндігін сұрады.
- 3) Ақкиізтоғай ауылына емханаға машина беріледі деп айтылып еді, сол мәселе қорытындысы қандай?
- 4) Ауылға дзюдо мен бокс үйірмелеріне мамандар қажет, осыған көмек сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: 1) Бұл мәселе жөнінде ТШО басшылары Атырау облысы әкімімен, Мәжіліс төрағасымен де кездескенін айтты. ТШО-ның Келешек кеңею жобасының аяқталуы жақындауына байланысты, келесі жылы іске қосу жоспарлануда және сол себепті жобада жұмыс жасап жатқан барлық мердігерлер 28-күндік вахтамен жұмыстарын аяқтайды. Негізгі өндіріске жұмылдырылған мердігер компаниялардың жаңадан келісім-шарттарына жұмысшыларға 14-күндік вахта түрін ұсыну енгізіледі. «Құлсарыгаз» мекемесі мың шақты жұмысшыларын 14-күндікке ауыстыруды жоспарлағанын ТШО-ға хабарлады.

- 2) ТШО оқуларына қолданатын оқу орталығы арнайы жабдықтар мен оқытушыларды қажет етеді. Ондай арнайы оқуларға Атыраудағы 'APEC Petrotechnic'-ке жұмысшылар жіберіледі, оқулары, тамағы мен арнайы киімдері тегін беріледі. Құлсарыда ондай оқу орнын ашу мүмкіндігі жоқ.
- 3) Кеше ТШО Жылыой ауданына 6 жедел жәрдем көлігін тапсырды. Осы көліктерді ауданға қалай бөлетінін аудан әкімдігі шешеді.
- 4) ТШО мұнай өндіретін мекеме болғандықтан, бұндай сұрақтар әкімшілікке қойылуы тиіс.

Ұсыныс:

Базарбаев Сұлтанбай: 1) ТШО Құлсарыдан жол салатын мекеме ашуды ұсынды. Сол мекеме ашылып, халық жұмыспен қамтылады.

- 2) Құрылыс курстарды оқып шыққан баласын жұмысқа тұру жөнінде мәселе көтерді.
- 3) ТШО салып берген ФОК-тың жататын орындары стандартқа сай емес, тар. Сол ФОК-тың ішіне жаттығатын құралдарды алып беруді сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: 1) ТШО үкімет емес, мұнай өндіретін мекеме. Жол салу компания қызметіне қатысы жоқ. Жол салу мемлекеттік бағдарлама, оның қызметі.

- 2) ККЖ-ҰЕҚБЖ құрылыс жұмыстары аяқталуда, енді құрал-жабдықтарды қосу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның қызу кезінде Жылыой ауданынан 10 мың жұмысшы жобаға қатысты, қазіргі уақытта әлі де 8000 Жылыой тұрғыны жұмыс жасап жатыр. Құрылыс жұмыстарын жасайтын жұмысшылар қазір жұмыстан босатылуда. Теңізде болашақта осы Келешек кеңею жобасы сияқты басқа жоба әзірше жоспарланбағаны айтылды. Жалпы жұмысқа тұрамын деушілер Жұмыспен қамту орталығының тізіміне тіркеліп, enbek.kz сайтынан бос орындар хабарламаларды қарап отыру қажет.
- 3) Ақкиізтоғайда салынған ФОК-тың жобасын әкімшілік берді, сол жоба бойынша салынды. Жаңа ФОК-қа сұраныс немесе құрал-жабдық жөнінде тапсырыс болса, оны Атырау облысы құрылыс бөліміне хат жолдануы қажет.

Сұрақ:

Мұхтаров Жомарт: ТШО Құлсарыға 50 га жерге отырғызылатын ағаштардың 1 гектарын ауылға отырғызып, қоршауын жасап, суару мүмкіндігін сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: 2021 жылы ТШО Атырау облысы әкімдігімен бірлесе көгалдандыру жөніндегі меморандумға қол қойды. Сол меморандум бойынша ТШО Құлсары қаласында 50 гектар жерге тал егуге келісті. Қазіргі уақытта Құлсарыда 15 гектарға ағаш отырғызылып, қоршалды және 2 жыл бойы ТШО сол ағаштарды суарады. Биыл 10 гектарды көгалдандыру үшін әкімшіліктен жер қарастырылып жатыр. ТШО 50 гектардың бір бөлігін ауылдық округтарға отырғызуға дайын, бірақ оған бөлінетін жерді Жылыой ауданы әкімшілігі береді. Сол себепті Аронов Дәрмен Жылыой ауданы әкіміне хатпен шығуды ұсынды.

Дәрмен Аронов сұрақтар мен ұсыныстар хаттамаға енгізілетінін хабарлап, кездесу отырысын қорытындылады.